

Бекітемін



Мектеп директор: К.С Байгалиев

2021 – 2022 оку жылындағы «К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ бойынша мектепшілік ата –аналар жиналышының жұмыс жоспары.

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	<p>1.Отбасы тәрбиесі – қоғам негізінің бастауы» тақырыбында баяндама.</p> <p>2.«Баланың оқу іс – әрекетіне көмек» атты психологиялық тренинг өткізу.</p> <p>3.Әр түрлі мәселелер. Мектептің ішкі тәртіп ережесінің сақталуы.</p>	04.11.2021	<p>Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тагаева Г.Ж</p> <p>Мектеп психологы Канашева А.М</p> <p>Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тагаева Г.Ж</p>
2	<p>1. 2021 -2022 оку жылын аяқтау және ора білім беру үйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы.</p> <p>2. Шығыс Қазақстан облысы әкімінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт туралы 2017 жылғы 30 мамырдағы № 54 – Θ әкімі және қосымшамен, «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қымыл агенттігінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті», Республикалық мемлекеттік мекемесінің « Жарма ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің хаттарымен және мектепшілік 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 146 қаражат жинауға тиіым салу туралы</p>	11.05.2022	<p>Директордың оку-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ашимханов К.Т</p> <p>Мектеп директоры Байгалиев К.С.</p>

	<p>бұйрығымен таныстырыу.</p> <p>3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің орта білім беру үйимдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы 2016 жылғы 14 қантардағы № 26 бұйрығы туралы.</p> <p>4. «Менің отбасым – менің тірегім» атты тренинг</p> <p>5. Әр түрлі мәселелер - Арнайы орта оқу орындарына түсү туралы. Соңғы коңырау және «Түлек – 2021 Жаңа Қазақстанның ертеңі» мектеп бітіруші түлектердің кеші туралы.</p>		<p>Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тагаева Г.Ж</p> <p>Мектеп психолог Канашева А.М</p>
3	<p>1 . «Отбасы – тәрбие іргетасы» тақырыбында баяндама,</p> <p>2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы «26» мамырдағы № 240 бұйрығының қосымшасына сәйкес Жазғы мектепті үйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсыным туралы.</p> <p>3. 2021 -2022 оқу жылында жазғы мектепшілік лагерінің үйымдастырылуы туралы.</p> <p>1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің білім беру үйимдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын үйымдастыру туралы 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы негізінде 2021 - 2023 жылдарына қамқоршылық кеңесінің жұмысы туралы.</p> <p>2. Қазақстан Республикасы</p>	13.05.2022	<p>Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тагаева Г.Ж</p> <p>Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары</p> <p>Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тагаева Г.Ж</p>

	<p>Білім және ғылым министрінің орта білім беру үйімдары үшін міндетті мектеп формасына койылатын талаптарды бекіту туралы 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26.</p> <p>3. Әр түрлі мәселелер</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік өрт, су, жол, өмір қауіпсіздігі</li> </ul>		<p>Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тагаева Г.Ж</p>
--	--	--	--

**2021 – 2022 оқу жылындағы мектепшілік  
жалпы ата – аналар жиналышы № 1**

**Катысты: 63  
04.11.2021 ж**

**Күн тәртібінде:**

- 1 . «Отбасы тәрбиесі – қоғам негізінің бастауы» тақырыбында баяндама (Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тагаева Г.Ж)
2. «Баланың оқу іс – әрекетіне көмек» атты психологиялық көмек көрсету (Мектеп психологы Канашева А.М)
3. Эр түрлі мәселелер.
  - Мектептің ішкі тәртіп ережесінің сақталуы
  - Сабактың себепсіз босатылмауы туралы ескертү жұмыстары.

**Тындалды:**

**1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тагаева Г.Ж**

Отбасының аса маңызды міндеттерінің бірі – баланы жарқын істерге, нұрлы мұраттарға тәрбиелеу екендігін естен шығармауларын атап өте отырып, отбасындағы тәрбиенің рөлі арқылы ғана қоғамның мықты тірегін қалыптастыруға, нәтижеге жетуге мүмкіндік барып айтты . Бала өмірінің алғашқы күненең бастап ата – ана өздерінің негізгі борыштарын атқаруға кірісе отырып, тәрбиеші бола бастайынын негізгі алды. (қосымша бірге салынады)

**2. Мектеп психологы Канашева А.М**

«Баланың оқу іс – әрекетіне көмек» атты психологиялық кеңестер берді. Баланың сабағын жеңілдететін жағдай жасауға тырысының. Ол үшін:

**Тұрмыстық:**жақсы тамақтану, тұрақты режим, толыққанды үйқы, жайлы тұрмыстық жағдай, сабак оқуға жайлы және ыңғайлы орын;

**Эмоционалдық:** баланың мүмкіндігіне сенімділік артының, табысты орындаудынан үміт күтіңіз, кішкене жетістігі болса да, қуанышының білдіріңіз, баланың оқуына тәзімділік, мейірімділік танытыңың, бала үлгермей жатса қатты сөйлеменіңіз.

**Мәдени:** балаңызды анықтамалармен, сөздіктермен, атластармен, бейнетаспалармен, мектептің оқу бағдарламасына сәйкес кітапшалармен қамтамасыз етіңіз.

2. Өз балаңызды тындаңыз: ол жаттау, есте сақтауға берген тапсырманы айтып шықсын, жазуға берген мәтінді бөліп – бөліп, асықпай оқыңыз, окулықтаңы сұрақтар бойынша сұраңыз т.с.с

3. Өзініздің бала кезеңіздегі жетістіктеріңіз туралы айтып, білімдеріңізben бөлісіңіз.
  4. Ата – ананың назарында баланың бағасы ғана емес, білім беру керектігін есте ұстаңыз. Сондыктан да баланың болашағы туралы ойлап, алған білімінің қай кезде, не ушин кажеттілігін түсіндіріңіз. Баланың оқуға белсенділігін тудыратын отбасылық дәстүрлер мен әдептер құрыңыз.
  5. Баланың бос уақытын құр қалдырмай, оны мазмұнды әрі пайдалы етіп өткізуге көмектесеніз.
  6. Баланызды оқу үлгеміне қарамай, жақсы көретініңізді сөздіріңіз.
- 7 Балаңызды жан – жақты бақылау үшін және мүмкін көмектер көрсету үшін әрдайым балаңыздың қатысатын үйірмелерінің, факультативтерінің қосымша сабактарының, сабак кестесімен танысыңыз. (қосымша бірге салынған)
3. Әр түрлі мәселелер талқыланып, хабарландырулар айтылды.

#### Қаулы:

1. «Отбасы тәрбиесі» - қоғам негізінің бастауы» тақырыбындағы баяндама, «Балаңың оқу іс – әрекетіне көмек» атты психологиялық кеңес мәліметке алынсын.
2. Қаулының орындалуы директордың тәрбие ісі – жөніндегі орынбасарларға жүктелсін.

Мектеп директоры  
Хатшы

*B*  
*Kanashova*

К.С Байгалиев  
А.Канашева

## **Баланың оқу іс – әрекетіне көмек беру. (психологиялық кенес)**

**Сәтті күн болсын, күрметті ата – аналар!**

Ата – аналар үшін «Баланың оқу іс – әрекетіне көмек» жиынтығы

1. Баланың сабағын женілдететін жағдай жасауға тырысының.

Тұрмыстық: жақсы тамақтану, тұракты режим. Толыққанды үйқы, жайлы тұрмыстық жағдай, сабақ оқуға жайлыш және ыңғайлыш орын;

Эмоционалдық: баланың мүмкіндігіне сенімділік артыңыз, табысты орындаудынан үміт күтініз, кішкене жетістігі болса да, куанышыңызды білдірініз, баланың окуына төзімділік, мейірімділік танытыңыз, бала үлгермей жатса қатты сөйлеменіз;

Мәдени: балаңызды анықтамалармен, сөздермен, атластармен, бейнетаспалармен, мектептің оқу юағдарламасына сәйкес кітапшалармен қамтамасыщ етіңіз.

2. Өз балаңызды тыңдаңыз: ол жаттауға, есте сақтауға берген тапсырманы айттып шықсын, жазуга берген мәтінді бөлім – бөліп асықпай оқыңыз, окулыққағы сұрақтар бойынша сұраныс т.с.с
3. Өзініздің бала кезініздеңі жетістіктеріңіз туралы айттып, білімдерінізben бөлісіңіз.
4. Ата – абаның назарында баланың бағасы ғана емес, білім болу керектігін есте ұсыңыз. Сондықтан да баланың болашағы туралы ойнап, алған білімінің қай кезде, не үшін қажеттілігін түсіндіріңіз. Баланың оқуға белсенділігін тудыратын отбасылық дәстүрлер мен әдеттер құрының.
5. Баланың бос уақытында құр қалдырмай, оны мазмұнды әрі пайдалы етіп өткізуге көмектесіңіз.
6. Балаңызды оқу үлгеріміне қарамай, жақсы керетініңізді сездіріңіз.
7. Балаңызды жан - жакты бақылау үшін және мүмкін көмектер көрсету үшін әрдайым балаңыздың қатысатын үйірмелерінің, факультативтерінің, қосымша сабактарының, сабақ кестесімен танысыңыз.

**Баланың қуана мектепке баруы үшін не істеуге болады?**

**(ата – аналарға кенес беру жұмыстары)**

- Оның уақытылы үйінде жатуын қадағалаңыз.
- Мектеп туралы жаман айтпаңыз, баланың көзінше мұғалімдерді сөз қылмаңыз.
- Бала тапсырмаларға, мектептен әкелген кітапарына, сіздің қызығушылық танытып, қадағалайтыңызды көрсін.
- Өзіңіз оқыңыз, бала ата – анадларының бос уақытында тек теледидар мен компьютер алдында өткізбейтінін білсін, көрсін.
- Компьютерлік ойында ойнауда бала күніне 20 минуттан асырмаяу тиіс.

- Балаға өз ойын жазбаша жеткізуді үйретіңіз; онымен хат жазып алмасыңыз, бірге хат жазыңыздар. Егер бала сізben катты әсер алған оқиғасымен бөліссе – сол оқиға жайлы әңгіме құрастырып жазуын өтініңіз, ал кешкісін оны барлық отбасы мүшелеріне оқып беріңіз.
- Мектеп пен сынып өміріне үнемі белсенділік танытыңыз. Балаға оның мектебінің сіздің өміріңіздің маңызды бөлігіне айналуы жақсы әсер етеді.
- Мектептің сіздің баланың өзіне деген һте жағымсыз қатынасқа қақтығысып қалуы мүмкін. Және де барлығы әрқашан іске аса бермейді. Осы сәтте балаға өзіне деген сенімін жоғалтпауға көмекtesіңіз.
- Кейде бала барлық мектептік жағымсыз жағдайларды жүректеріне жақын қабылдаپ қалуы мүмкін. Әркез оған ненің маңызды, ненің аса маңызысыз екенін үйретіңіз.
- Балаңызға ұрыssaңыз, «сен әрқашан», «сен мұлдем», «әркез сен» деген сөздерді қолданудан аулақ болыңыз... Негізінде сіздің балаңың әрқашан жақсы, тек бүтін ғана бір нәрсені дұрыс істемеді. Осы туралы оған айтыңыз.
- Әдетте бала жамане қылышқа істегендеге ол ұялу сезімін бастан кешіреді. Ал сіз оны жазалағанда, оның ұялу сезімі өшеді. Ал бұл қауіпті.

Мектепшілік ата - аналар жиналысының  
ХАТТАМАСЫ (9,11 сыныптар)

Откен күні: 11.05.2022 жыл

Қатысқаны: 57 ата – ана

Күн тәртібі

1. 2021 – 2022 оку жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды корытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы. (директордың оку ісі жөніндегі орынбасары К.Т Ашимханов)
2. Шығыс Қазақстан облысы әкімінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт туралы 2017 жылғы 30 мамырдаға № 54 – Θ өкімі және қосымшамен, « Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қымыл агенттігінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті» Республикалық мемлекеттік мекемесінің «Жарма ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің хаттарымен және мектепшілік 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 146 қаражат жинауға тыйым салу туралы бұйрығымен таныстыру. ( директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж Тагаева)
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығы туралы. (директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж Тагаева)
4. «Менің отбасым – менің тірегім» (мектеп психологі А.М Канашева)
5. Әр түрлі мәселелер
  - Арнайы орта оку орындарына түсу туралы. (директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж Тагаева)
  - Соңғы қонырау және «Түлек – 2022, Жаңа Қазақстан ертеңі» - мектеп бітіруші тұлектердің кешін өткізу туралы.

Тындалды:

**Бірінші сұрақ** бойынша директордың оку ісі жөніндегі орынбасары К.Т Ашимханов 2021 – 2022 оку жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды корытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы Қазахстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылдың 20 сәуірдіге № 159 бұйрығымен және қорытынды аттестаттау бойынша дайындық жұмыстарына арналған бекітілген кестемен таныстырды (**бұйрық, кесте қосымша салынған**)

1. Екінші сұрақ бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж Тагаева Шығыс Қазақстан облысы әкімінің Сыйбайлас жемқорлыққа қарса стандарт туралы 2017 жылғы 30 мамырдағы № 54 – Θ өкімі хәне қосымшамен, «Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қымыл агенттігінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті» Республикалық мемлекеттік мекемесінің, «Жарма ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің хаттарымен және мектепшілік 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 146 каражат жинауға тыйым салу туралы бүйрекшімен таныстырыды.(өкім, бүйрекшілер қосымша салынған)

2. Үшінші сұрақ бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж Тагаева Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына койылатын талаптарды бекіту туралы 2016 жылғы 14 қантардағы № 26 бүйрекшімен таныстырып, мектеп формасының үлгісін тағы бір мэрте көрсетті (бүйрек, кесте қосымша салынады)

3. Төртінші сұрақ бойынша мектеп психологі А.М Канашева «Менің отбасым - менің тірегім» тақырыбында жаттығулар жүргізіп, ата – аналарға қолдау көрсетті.

4. Г.Ж Тагаева – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

- Арнайы орта оқу орындарына құжат тапсыру мерзімі 2022 жылдың 20 маусым – 25 тамыз аралығын қамтиды. Арнайы орта оқу орындарына республикалық бюджеттен 2800 орын, жергілікті бюджеттен 6890 орын бөлінді. Үш түрлі жолмен құжат тапсыруға болады:

- Egov.kz порталы арқылы;
  - Ақпараттық жүйе арқылы;
  - Арнайы оқу орнына барып тапсыруға болады;
- Арнайы орта оқу орындарына құжат тапсыру негізгі орта білім беру аттестат бойынша орта балл есептеліп, 2 пән қаралады. Бірінші қазақ тілі (қазақ сыныптарында), орыс тілі (орыс сыныптарында), екінші математика пәні. Сонымен қатар, медициналық колледждерге түсі үшін психологиялық тест тапсырады, педагогикалық колледжге түсу үшін эссе жазады.
- «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5 –бабының 14 тармақшасына сәйкес орта білім беру ұйымдарында 2021 -2022 оқу жылын аяқтау 1 -11 сыныптардың қатысуымен 25 мамыр күні сағат 10:00 – де өтеді.

16 маусым күні 11 сыныптардың « Түлек – 2022 Жаңа Қазақстанның ертеңі» мектеп бітіруші түлектердің салтанатты жиыны өткізіледі. Салтанатты жиыннан соң көкке шығу, арнайы орындарға дастархан жайып отыруға, шараларға тыйым салынады.

**Қабылданған қаулы:**

1. 2021 – 2022 оқу жылын аятау және оқушылардың қорытынды аттестаттауға дайындық пен нәтижелі жұмыс бекітілген жоспарға сәйкес қарқынды жүргізілсін.
2. Құрылған кестеге сәйкес дайындық жұмыстарына 9 және 11 сынып оқушыларының қатысуы сынып жетекшілер мен ата –аналарға қадағалау жүктелсін.
3. Соңғы қонырау және «Тұлек – 2022 Жаңа Қазақстанның ертеңі» мектеп бітіруші тұлектердің кеші және оқу орныдарына түсү туралы ақпарат мәліметке альнысын.
4. Қаулының орындалуы директордың оқу – тәрбие ісі жөніндегі орынбасы, сынып жетекшілер, пән мұғалімдеріне жүктелсін.

**Ата – аналар жиналышының төрайымы:** Г.Тагаева

**Хатшы** Ахметова А.Ахметова

**Мектепшілік ата –аналар жиналысының  
ХАТТАМАСЫ ( 1 – 8, 10 сыныптар)**

**Отетін күні: 13.05.2022 жыл  
Отетін орны: акт залы**

**Күн тәртебі:**

1. Баяндама «Отбасы тәрбие іргетасы» (директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж.Тагаева)
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы «26» мамырдағы № 240 бұйрығының қосымшасына сәйкес Жазғы мектепті ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсыным туралы. (директордың оку ісі жөніндегі орынбасары К.Т.Ашимханов)
3. 2021 -2022 оку жылында жазғы мектепшілік лагерінің ұйымдастырулуы туралы. (директордың оку тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж Тагаева)
4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру турал 2017 жылғы 26 шілдедегі № 355 бұйрығы негізінде 2021 -2023 жылдарына қамқоршылық кеңесінің жұмысы туралы. (директордың оку тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж Тагаева)
5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы 2016 жылғы 14 қантардағы № 26 бұйрығы туралы. (директордың оку тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж Тагаева)
6. Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік (өрт, су, жол, өмір қауіпсіздігі) туралы (алғашқы әскери даярлық жетекшісі, мектеп бойынша қауіпсіздікке жауапты маман А.Калиев)

**Тыңдалды:**

1. Г.Ж Тагаева - директордың оку ісі жөніндегі орынбасары  
- Салеметсізлер ме, құрметті ата- аналар!

**Тақырыбы: Отбасы – тәрбие іргетасы**

**Мақсаты:** Бала тәрбиесіндегі ата – аナンың алатын орның ерекше екендігін түсінірудүр; отбасы мүшелерінің арсындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым – катынасты қалыптастыру; баланың өмірінің, жол және өмір қауіпсіздігі туралы түсініктер беру;

**Ата – аナンың басты қуаныш – бала**

**Отбасының қоғамдағы мақсаты:** қалыптастыру. Мына жасампаз ғасырда, жаһандану дәуірінде мектеп партасында отырған баланың жан – жақты білім алудына ең бірінші ықпал ететін –ұстаз болса, оның сүйіші ата – ана. Сондықтан, ата – ана және ұстаз баланың тәрбие және білім алудына барынша жағдай жасау тиіс.

Бала тәрбиесі – ата – ана үшін күрделі де, жауапты міндеп. Баланы өмірге бейімдеуде мектеп, ұстаз және ата – ананың орпны бөлек.

Бала тәуліктің бір бөлігінде, яғни 6 сағат мектепте болса, 18 сағат өз отбасында тәрбие алды. Тұындаған тәлім – тәрбиелік жарамсыздық мектеп ата – ана, әлеуметтік орта, білесіп жұмыс істеген жағдайда ғана үйлесімділік табады. Ұлы ғылы, филисоф Әбунасыр әл Фараби «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі деген екен.

Бұдан шығатын түйін: бала тәрбиесіне ең әуелі оның өз ата – анасының, ұстазының енбеккорлығы, ұстамдылығы, ақыл – ой, сана –сезімі, адамгершілігі әсер еткен Сондықтан, ата - ана мен мектеп, ата –ана мен ұстаз тығыс байланыста болса ғана елін сүйеттін, елінің дамуына үлесін қоса алатын, тәрбиелі де білімлі тұлға тәрбиелей аламыз дегім келеді.

-База тәрбиесіне барлығымыз да байыппен қарайтынымыз анық. Ешкім де өз баласын жаман болсын демейді. Тәрбие қийын да, күрделі процесс.

Ата – ана - бала үшін ең бірінші үлгі тұтар адам, өзін көретін айнасы.

Ендеше, баяндама барысында жиналысымызға қатысып отырған ата – аналар «Сіз қандай ата – анасыз?» тақырыбындағы сауалнамаға белсене қатысып толықтай жауаптар берсек.

Қазір Сіздердің назарларынызға 13 сұрақ ұсынылады. Әр жауаптың өз ұпайы бар

Келісемін /согласна/ - 3 ұпай

Кейде келісемін / иногда/ - 2 ұпай

Келіспеймін / не согласна / - 1 ұпай

13 сұрақтың жауаптары бойынша іштей ұнайларды қосылып отыруларыңыз ұсынылады. Олай болса сәттілік тілеймін!

1. Кез – келген өзіміздің бар ісінізді тастай салыяп баламен айналыса аласыз ба?
2. Балаңыздың жасын ескермей онымен ақылдаса аласыз ба?
3. Балаңызben қарым – қатынас барысында қателіктеріңізді мойындаісіз ба?
4. Өзініздің қателігіңіз үшін балаңыздан кешірім сұрайсыз ба?
5. Өзініз балаңыз жасаған ісі апшу шақыртқан кезде, өзінізді ұстап, игере аласыз ба?
6. Баланың орнына өзінізді коя аласыз ба?
7. Бір сәтте Сізге мейірімді адам деп сенуге бола ма?
8. Өзініздің балаңыздан откен, балалық шығыныздан ескерілетін жағдайда айта аласыз ба?
9. Баланың жақсы міnez – құлқын ескере отырып уәденізді орындаісіз ба?
10. Балаға жүрегін жарақаттайтың сейлем тіркестерін атамауға тырысасыз ба?
11. Балаға өзініз қадаған ісін жасауға, өзін ұстауға кадергі жасамайтындаі бір күн еркіндік бересіз бе?

12. Басқа бала Сіздің балаңызға дөрекілік көрсетсе, себепсіз ренжітсе, көніл аудармайсыз ба?
13. Баланың еркелеген дөрекі мінезінің уақытша екенін көре тұрып, соған қарсы тұра аласыз ба?

Енді әрқайсының жиынтық үпай қанша болғанын қорытындыладыныздар!

1 ата –анадан сұрау қанша үпай алғанын.

Олай болса назарларыныңға жалпы үпай бойынша жауаптарды ұсынамын.

0 -16 үпай: Бала тәрбиесі – сіз үшін арасында қиындық тудыратын мәселе. Бала тұлғасын дұрыс қалыптастыру үшін педагог немесе мектеп психологі мамандарының көмегіне сүйенініз.

16- 30 үпай: Сіз үшін балаға қамқорлық жасау бірінші кезектегі маңызды іс. Сіздің бойыңызда тірбиешінің қабілетті бар, бірақ тәжірибеде бір қалыпты ретпен, бір қалыптағы мақсатпен қолдануды әрқашан жасайсыз. Кейде қатал, кейде мұлде жұмсақсыз.

30 – 39 үпай: Бала сіздің өмірінің үшін ең құнды болғаны. Сіз балаңызды тек түсініп қана қоймай, әрі ойын тануға, сыйлы көзбен қарауға тырысасыз. Сонымен, әрбір ата – ана өз баласының тәрбиелі, саналы, мәдениетті, жүрген ортасында сүйкімді болу үшін алдымын тәрбиені өзінен бастап үлгі, өнеге бола білуі үлкен міндетпен жауапкершілікті жүктейді.

Әрбір бала әртүрлі. Әрқайсысы өзінше ерекше.

Өсіп келе жатқан бала ағаш тәрізді. Қалай қисайтсан, солай өседі.

Оның түзу жолмен бала ағаш тәрізді. Қалай қисайтсаң, солай өседі.

Оның түзу жолмен жүріп білімді де саналы азамат болып өсуі біздің, яғни ұстаз және әрбір ата –ананың қолында.

Мен бұл бағыттағы іс – әрекеттеріміздің нәтижелі боларына сенемін.

## **Мектепшілік ата - аналар жиналышына арналған «Жол жүру ережесін балаларғы үйретейік!» тақырыбындағы ақпараты.**

Қоғам үшін баланың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігі ең басты байлық. Сондықтан мектепке жолды жүру ережелеріне үлкен көңіл бөлінуде. Статистика бойынша өкінішке орай, жол апатына душар болуы жоғары көрсеткішті көрсетеді.

Балалардың өмірінің қауіпсіздігі дандыларын мектепке дейінгі кезеңде қалыптастыру қажет. Жол заңы жүріп, абай болуды талап етеді. Жол тәртебән бұзы қатер тудырады. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса солай жүріп, доп қуалайтыны, жүріп бара жатқан машинаға тым жақын жүруі, қатлтарыстан жолға шығып келетіні, жол жиетінде велосипедпен ойнап жүру салдарынан бұзылады. Жол тәртібін бұзғандықтан кейбіреулер машина дөңгелегінен тийіп, кейбіреулері жарақат алғып, өмірлік мүгедектікке ұшырып кейде қайғылы апатқа ұшырау қаупі де біздің қоғамда жоқ емес.

Балалар жолы жүру ережесін сіз бен бізден үйренеді. Балалар үлкендердің жүріс – тұрысының жақсы жағын да, жаман жағын да қабылдайды. Көп жағдайда жолда жарақат алғып, түрлі жағдайда ұшырап жататыны көлік жүргізушілерінің ғана кәнәсінен емес, ол көбінесе балалардың жол жүру ережесін білмегендігінен де болады. Балаларға жолда жүру ережелерін үйретіп, үнемі оған үлгі көрсетіп және жүріс – тұрысын қадағалап, балаларды көшеде болатын қауіпті жаңдайлардан сақтандыру әрбір ата – ана міндеті.

Мектеп балаларда арнап «Жолда жүру ережесі» тақырыбында оқу іс – әрекеттері және түрлі шаралар ұйымдастырылып өткізіледі. Сондықтан әрбір бала үйретілетін «Жолда жүру ережесу» тақырыбындағы іс – әрекетті мұқият тындалап, өткізілген іс – әрекеттен қорытынды жасап отыруға міндетті.

Балаларды жолда жүру ережелерімен таныстыру мақсатында ойынар, әңгумелер, серуен кезіндегі ойын түрлері, конкурстар, сұрақ - жауаптарды кеңінен қолдану, балалардың жол ережесі туралы түсініктерінің қалыптасусы мен білімдерінің жетулуіне көмектеседі.

**Осының ішінде әрбір оқушы білуі керек ең негізгі 5 ережені ұсыным келеді.**

### **Оқушыларға арналған ереже:**

1. Тек жаяу жүргішілерге арналған жолмен ғана жүрініздер!
2. Көшениң ескерту немесе «жаяу жүргішілер өтпеді» деген арнай белгі түрған жермен ғана қиып өтініз,
3. Көшеде өтетін кездे – солға ал ортасына келгенде он жаққа қараңыз!
4. Жақын келе жаткан көліктін алдын кесіп өтпеңіз!

## 5. Жолдың бойында ойын ойнамаңыз!

### **Ата – ананың арналған ереже:**

- Балаларға тек жол қозғалысы ережелерін сақтауды ғана емес, сондай – ақ ерте жастан бастап ол ережелерді оқып, бақылауға және үйренуге үйрету керек. Ата – аналар мінез – құлық дағдыларын қалыптастырудың басты әдісі – балаларыңды ересектерді, ең алдымен ата – аналарды ақылап, соларға еліктейтінін ұмытпау керек. Көптеген ата – аналар мұны түсінбей, өздері балаларын дұрыс емес әрекетке үйретіп жатады.

- Балаңызды алдыға жүгіріп жіберіп, жолда өздегінен жүгіріп өтуіне жол берменіз. Себебі, ол жолда жан –жағына қарамай жүріп, соған дағдыланып алады. Сондықтан кішкентай баланы қолынан мықтылап ұстап өту керек. Өткені, ол кілдан босанып шығуна тырысқан кезде, оны ұстап үлгересіз.

- Балаңызды жан – жаққа қарауға үйретіңіз. Балада жолаяқтан алғашқы қадам баспас бұрын басын бұрып, барлық бағыттағы жолды тексеретін, қатып қалған әдет болу керек. Ол автоматты түрдле осылай әрекет етуге үйрені тиіс.

- Баланы көлікті байқауға үйретіңіз. Кейде балалар алыстағы көлікті немесе мотоциклді байқамайды. Оғын қашыктыққа қарауды үйретіңіз.

- Балаңызды көліктің қалай қозғалатынын, жылдамдылығын және бағытын бағалауға үйретіңіз. Оларға қайсы көліктің тік жолақпен жүретінін және қайсысының бұрылайын деп жатқанын анықтауға үйретіңіз.

- Сондай – ақ, өзініз де ережені мұқият менгеріп алыңыз. Балағңа кез келген көлік түріне тек, ол тоқтал тұрган кезде ғана кіру және шыға керектігін үйретіңіз. Балага көлік жүріп бара жатқанда не секіріп мінуге немесе түсуге болмайтынын түсіндіріңіз.